



№12 (10105)
15 ақпан,
сенбі
2025 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Бақылау



Алаңдауға негіз жоқ

Қыстың соңғы күндері күн күрт жылынып, еріген қар суы елді дүрліктіретіні белгілі. Былтыр бірнеше аймақтардағы өзендер суының деңгейі көтеріліп, арнасынан асты. Қаншама отбасы баспанасынан айырылды, мал қора жайын су шайды. Бір сөзбен айтқанда, тілсіз жау қысыр мінезін көрсетті. Енді міне, сол қателікті қайталамау Үкіметтің басты міндетіне айналды. Абырой болғанда былтыр апатты алдын алу шараларының жүйелі орындалғанының арқасында Сыр өңірі су тасқынымен бетпе-бет келмеді.

Осы орайда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев су шаруашылығының жағдайын және су тасқынының алдын алу жұмыстарын тексерді. Мемлекет басшысының Жолдауында ирригация жүйелері, жалпы су шаруашылығы мәселесімен мұқият айналысу, көктемгі қарқын суды жинап, оны диқандардың қажетіне жарату мақсатында гидрология бекеттерін жөндеп, жаңғырту тапсырғаны белгілі. Бұл бағытта бүгінде облыста бірқатар жұмыс атқарылған.

Нақтырақ тоқталсақ, Үкімет қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының су саласын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспарына» Қызылорда облысын суармалы сумен қамтамасыз етуге бағытталған 112 жоба өңгізді. Олар аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына оң әсерін тигізеді.

Жалағасы 4-бетте

Тарих



Ерлікке тағзым — ұрпақ парызы

Биыл Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 36 жыл толды. Осы ретте кеше «Тағзым» аллеясында еске алу шарасы өтті. Шараға аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменов, бірқатар ел ағалары, мекеме, бөлім басшылары, Ауған соғысына қатысқан ардагерлер және кент тұрғындары қатысты. «Тағзым» алаңына жиылған жұртшылық қаза тапқан қазақ жауынгерлерінің ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, олардың рухтарына Құран бағыштап, бір минут үнсіздікпен еске алды. Сондықтан болар бұл күн тарихымызда ерекше орын алады.

Жалағасы 2-бетте

Белес



Ел ертеңін еңбекпен жасауда

«Жұмысшы мамандықтар» жылы аясында елордадағы «EXPO» алаңында «Жұмысшы мамандықтар қаласы» фестивалі өтуде. Фестиваль алаңында сегіз тақырыптық көше ашылған. Нақтырақ айтсақ, тау-кен және металлургия, көлік жасаушылар, энергетиктер мен мұнайшылар, аграршылар мен сушылар, құрылысшылар, болашақ мамандықтары, сондай-ақ құтқарушылар, өрт сөндірушілер, медицина және т.б. мамандықтарға арналған бұрыштары халыққа есігін айқара ашқан. Сонымен қатар іс-шара аумағында кәсіби дамудың түрлі салалары мен бағыттарын көрсететін 40 шығармашылық үй ұсынылған. Жалпы фестивальға еліміздің 38 кәсіби колледжінің студенттері қатысауда.

Келелі іс-шара барысында Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика, тау-кен, металлургия, мұнай-газ, құрылыс, ауыл шаруашылығы және тағы да басқа салаларға маман даярлау үдерісімен танысты. Сондай-ақ Президентке еңбек нарығындағы сұранысқа және әр өңірдің ерекшелігіне қарай кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарын трансформациялау мысалдары баяндалды. Мұнан бөлек атом электр стансасы секілді ірі жобаларды жүзеге асыру қарсаңында сапалы білім мен кәсіби дағдыны меңгерген мамандар елге өте қажет екенін айтты.

Мемлекет басшысы айқындап берген бағытпен бүгінде жалағаштықтар да ауқымды жұмыстарды бастап кетті. Мәселен, ауданымызда «Өркен-Әлем» ЖШС қызметкерлерін «Руханият» орталығымен таныстырып, жұмысшы маман иелерімен кездесу өтті.

Кездесуге аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменов, облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы Райкүл Байназарова, облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы Қаламқас Каримова, сонымен қатар ауданымыздағы өндіріс саласындағы әйелдер қауымы қатысты. «Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен» әйел-аналардың орны тек шаңырағында деген түсініктің аясын кеңейткен кездесуде белсенді жұмысшы әйелдер марапат төрінен көрінді. Жиында жұмысшы мамандықтарының жылы, еңбек адамының беделін көтеру, кәсіби білім беру және еңбек нарығына

қажетті мамандықтар бойынша оқытуды жетілдіру жайы да сөз болды.

Айта кетейік, кенттегі «Серпін» индустриалды аймағында орналасқан «Өркен-Әлем» ЖШС әскери киімдер өндірумен айналысады. Бастапқыда үлкен өндіріс орны 24 адамды жұмыспен қамтыса, қазір мұнда 60-қа жуық жергілікті тұрғын жұмыс істейді. Мұндағы нәзікжандардың барлығы – арнайы оқудан өткен тәжірибелі маман. Олардың тасымалы да бір жүйеге келген, яғни серіктестік басшысы жұмысшылардың қатынасуына бір автобусты іске қосқан.

Жақсылық Өзденбаев басшылық ететін серіктестікке 2017 жылы «СТ-КЗ» сертификаты берілген. Дәл осы жылы кәсіпорында тапсырыс аясында 810 бронды кеудеше, 240 арнайы әскери киім дайындалған. Ал 2018 жылы тапсырыс көлемі ұлғайып, серіктестік 5 630 бронды кеудеше мен 2 125 қасқаға арналған бүркеме шығарған. Сол уақыттан бері кәсіпорын көкжиегі кеңейіп, мұнда тапсырысты сапалы әрі уақытылы қамтамасыз ету дәстүрге айналған.

Жалпы құны 38,2 млн теңгені құрайтын бұл жобаның болашағы жарқын. Себебі соңғы жылдары мұнда өндірілетін өнім түрі мен санында есім қалыптасқан. 2019 жылы 11 мың қасқаға арналған бүркеме әзірлеген серіктестік ұжымы қазір қасқаны толықтай өздері өндіреді. Себебі «Өркен-Әлем» ЖШС әскери қасқа өндіретін Оңтүстік Кореялық алып аппараты бірнеше жыл бұрын іске қосты.

Жақсылық Өзденбаев бүгінде кәсіпорында соңғы үлгідегі заманауи аппараттармен жаратқан. Нәтижесінде серіктестікте жұмысшылар қатары артып, өнім көлемі де айтарлықтай ұлғайған.

Бүгінде Қазақстан бойынша арнайы әскери киімдер шығаратын цех 3 аймақта бар. Ал еліміз бойынша салаға қажетті киімдердің барлық түрін өндіретін жалғыз кәсіпорын осы «Өркен-Әлем» ЖШС екенін де айта кеткен жөн. Қазір серіктестік ұжымының күнделікті жұмысын көрген көз сүйсінеді. Мұнда өндіру жұмыстары бір жүйеге келген. Тапсырыс орындауға қажетті шикізат қоры да толықтай жеткілікті.

– Бастапқыда әскери киімнің санаулы түрін өндіруді қолға алдық. Уақыт өте кәсіпорын көкжиегі кеңейіп, өнім түрі мен санында есім қалыптастырдық. Мұндағы құрылғылардың барлығы заманауи аппарат. Өріптестерімнің барлығы арнайы оқудан өткен тәжірибелі маман. Сондықтан олардың еңбегін жоғары бағалаймын. Қажетті шикізатты толық жеткізіп алдық, – дейді Жақсылық Өзденбаев.

Іскер азаматтың мұндағы мамандардың еңбегін жоғары бағалайтынын біз де байқадық. Серіктестік іске қосылғалы жыл қорытындысымен өндіріс ошағындағы еңбеккерлерге 2 айлық жалақы көлемінде сыйақы беруді кәсіпорын басшысы дәстүрге айналдырған. Ал еңбеккерлер айлық жалақылары уақытылы берілетінін айтып отыр.

Кәсіпорында бірнеше жылдан бері жұмыс жасайтын тәжірибелі маман Алтынай Әлібаеваның сөзінше, өндіріс ошағында тапсырысты уақытынан кеш орындау болмапты. Сондай-ақ цех меңгерушісі әсіресе мұндағы қызу еңбек жаз айларында басталатынын айтады.

– Серіктестіктегі барлық маман арнайы оқудан өткен, сондықтан бізде тапсырысты уақытынан кеш орындау бүгінге дейін мүлде орын алған жоқ. Алдағы уақытта да оған жол бермейміз. 2021 жылы 880 бронды кеудеше, 10 мың жалпы әскери қорғаныс жамылғысын, 1 500 шлем және басқа да әскери киімдер өндірілді. Одан бері де тапсырысты уақытылы әрі сапалы орындап келеміз. Кәсіпорында өндірілген өнім әскери салаға қажетті, сондықтан біз мейлінше сапаға мән береміз. Мәселен, қасқаның ішінде бірнеше қабаттан тұратын қалып материалдың тігісі біріннен кейін бірі қатар орналастырылған қажет. Қатты материалдың өзі осындағы арнайы заманауи кескіш құралымен бөлінеді және оны 20-25 қабаттап қасқаның ішіне орналастырамыз. Әр маманның өзіне жүктелген міндет бар. Жұмыс тәнертең 9:00-де басталады, – дейді цех меңгерушісі Алтынай Әлібаева.

Серіктестік басшысының әлі де жоспары көп. Әсіресе біз іскер азаматтың «Кәсіпорын көкжиегін кеңейтіп, жұмысшылар санын арттырмасаң, ашылған жұмыс орнын қысқартуға жол бермеймін» деген мақсатына риза болдық. Соңғы жылдары мұнда әскери салаға қажетті киімнің басқа да түрлері өндірілуде. Он жылдықта өндірісі өрге басқан «Өркен-Әлемнің» бүгінгі шаруасы ширақ.

Жандос АРЫН

Сараптама



Жалағасы 4-бетте

Тиянақты дайындық — мол өнім кепілі

Астықты өлкедегі Сыр елінің еңбексүйгіш шаруалары жылда су тапшылығының қиындығына қарамастан мол өнім алып келеді. Аудан еңбеккерлері былтырғы науқанды абыроймен қорытындылағаны баршаға мәлім. Жаз бойы баптаған астықты шашпай-төкпей жинап алғанға дейін қызу тірлікке жауапты адамдардың барлығы егістік даласында бой көрсетті. Себебі бұл еңбектің артында өңірдің ырысы мен несібесі тұрды. Шүкір, еселі еңбектің нәтижесінде қамба сары алтыңға толды. Былтыр қамбаға нақты қанша астық құйылды, болығы меже қалай? Тарқатайық...

Жандос ЖАЗКЕН

Ерлікке тағзым – ұрпақ парызы



– 1979 жылдың 26 желтоқсаны жадында мәңгі сақталып қалды. Түн жарымында аяқастынан әскери дабыл соғылып, біздің полкті Беляя церковь қаласындағы горнизонға әкелді. Полктен менімен бірге үш жауынгерді таңдап алды. Горнизон бойынша іріктелген 150 жауынгерді әскери-транспорттық ұшақпен Термезге әкеліп түсіреді. Жаңадан жасақталған полк қару-жарақпен және әскери-жорық құралдармен жабдықталып, соғыс жағдайына келтірілді. Іріктелген артиллериялық полк 28 желтоқсан күні колоннамен Ауғанстан аумағына кірдік, – деді Ауған соғысының ардагері. Ішкі істер органдарының ардагері Мұратбек Алдамбергенов – бір жарым жыл Ауғанстан Республикасында болып, от-жалынан аман-есен оралған.

Мұнан соң, шараға қатысушылар аудан орталығынан жаңадан бой көтерген «Руханият орталығының» тыныс-тіршілігімен танысты. Келелі жиын барысында «Ауған соғысында құрбан болған азаматтарды еске алуға арналған бүгінгі шараның негізгі мақсаты – ардагер ағаларымыздың гибратты жорық жолын жас ұрпаққа насихаттап, тарихтан тағылым алу. 1979-1989 жылдары аралығында Ауғанстандағы он жылға созылған шиеленіскен соғыс тек ауған халқына ғана емес, Орта Азия мемлекеттеріне де қауіп төндірді. 2238 күнге созылған Кеңес-Ауған соғысына 23 мың қазақстандық жауынгер қатысып, әскери борышын өтеді. Олардың 26-сы елге оралмай із-түссіз кетті. 749 қазақстандық жауынгер Ауғанстан жерінде қаза тапты. 393 қазақстандық мүгедек болып оралды. Ауған жеріндегі соғысқа 821 қызылордалық қатысса, оның 18-і ұрыстарда қаза тауып, 31 жауынгер мүгедек болып оралды. Біздің ауданнан 33 жауынгер Ауғанстан жерінде интернационалдық борышын өтеді. Оның ішінде 6 жауынгер елге оралғаннан кейін түрлі дерттің салдарынан қаза тапқан.

– Сіздер әрқайсыларыңыз өліммен бетпе-бет келіп, қасқайып тұрып, өз әскери борыштарыңызды лайықты түрде орындадыңыздар. Көптеген жауынгер оққа ұшып, жат жерден топырақ бұйырды. Із-түссіз кетіп, мүгедек болып оралғандары қаншама?! Оларды ұмытпай, ерліктерін ұрпаққа жеткізу – біздің мақсатымыз. Өздерін бейбіт күннің құрбаны қылған жауынгерлердің ерен ерліктері қанша уақыт өткеніне қарамастан ел есінде, ұрпақ жадында сақталуы тиіс, – деді аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов.

Сонымен қатар, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әліев, «Жалағаш аудандық Ауғанстан және аймақтық соғыс ардагерлерінің кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мұратбек Алдамбергенов Ауған соғысының Қазақстанға әкелген адам шығыны мен зардабы аз болмағанын және ауған соғысы ардагерлерінің ерлік істері ешқашан ұмытылмайтынын жеткізді.

– 1979 жылдың 26 желтоқсаны жадында мәңгі сақталып қалды. Түн жарымында аяқастынан әскери дабыл соғылып, біздің полкті Беляя церковь қаласындағы горнизонға әкелді. Полктен менімен бірге үш жауынгерді таңдап алды. Горнизон бойынша іріктелген 150 жауынгерді әскери-транспорттық ұшақпен Термезге әкеліп түсіреді. Жаңадан жасақталған полк қару-жарақпен және әскери-жорық құралдармен жабдықталып, соғыс жағдайына келтірілді. Іріктелген артиллериялық полк 28 желтоқсан күні колоннамен Ауғанстан аумағына кірдік, – деді Ауған соғысының ардагері. Ішкі істер органдарының ардагері Мұратбек Алдамбергенов – бір жарым жыл Ауғанстан Республикасында болып, от-жалынан аман-есен оралған.

– 1979 жылдың 26 желтоқсаны жадында мәңгі сақталып қалды. Түн жарымында аяқастынан әскери дабыл соғылып, біздің полкті Беляя церковь қаласындағы горнизонға әкелді. Полктен менімен бірге үш жауынгерді таңдап алды. Горнизон бойынша іріктелген 150 жауынгерді әскери-транспорттық ұшақпен Термезге әкеліп түсіреді. Жаңадан жасақталған полк қару-жарақпен және әскери-жорық құралдармен жабдықталып, соғыс жағдайына келтірілді. Іріктелген артиллериялық полк 28 желтоқсан күні колоннамен Ауғанстан аумағына кірдік, – деді Ауған соғысының ардагері. Ішкі істер органдарының ардагері Мұратбек Алдамбергенов – бір жарым жыл Ауғанстан Республикасында болып, от-жалынан аман-есен оралған.



дардың бірі. Ол Отан алдындағы борышын өтеуге 1979 жылы шақырылды. Әскери өмірді Украинаның Смела қаласындағы артиллерия полкінде бастапты. Ол артиллериялық полкте барлау взводның барлаушысы болған. Соғыс жағдайында әрбір күн қауіпті. Кез келген сәтте ажал құшуы мүмкін. Ал барлаушының міндеті – аса жауапты ғана емес қауіп-қатерге толы. Ол барлаушы ретінде көптеген қауіпті операцияларға қатысқан. Елге оралған соң жиырма жастағы жігіт Түркістандағы индустриалды-педагогикалық техникумына оқуға

болды. Қазір Ауғанстан және аймақтық соғыс ардагерлері қоғамдық кеңесі Жалағаш аудандық қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

«Ері мен жерінің қорғаны болу – ер жігіттің бақыты» демекші, Ауған соғысында бір қадам артқа шегінбей, бейбіт өмірде басын бөйгеге тіккен ерлер құрмет пен қолдаудың барлығына лайықты. Шара соңында ауған соғысына қатысқан ардагерлер ерен ерліктері үшін аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Тәлім



Отбасылық құндылық – ұлттық тәрбие негізі

Өмірге енді ғана келген сәбидің еститіні – ананың үні, көретіні – ата-анасының қарым-қатынасы, сондықтан баланың өміріндегі, қалыптасуындағы отбасының орнын ештеңе айырбастай алмайды. Атасы мен әжесінің «айналайынынан» нәр алып, әкесі мен анасының мейірімін сезініп жетілген баланың иманды, көргенді, көпшіл болып өсетіні анық. «Ұда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деп бабаларымыз текке айтпаған, ананың сүтімен, әкеңің қанымен бойға сіңген қасиет жеткінішті алдағы өміріңің бағдаршамындай болады.

Ұлттық қолөнерімізді жаңғыртып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдыру мақсатында «Руханият» орталығында «Апапат» партиясы Ақсу ауылдық округі бастауыш партия ұйымы «Құрақ көрпе» шеберлік сағатын өткізді. Тағылымды шара басында қолөнер шебері Ә.Есниязова жастарға құрақ көрпе пішу және құрау жолдарын үйретті.

– Халқымыздың рухани байлығының бірі – отбасы құндылықтары десек, қателеспейміз. Мемлекет дегеніміздің өзі сол жекелерден отбасылардың қосындысынан құралады. Елдің келешегі әр отбасында тәрбиеленіп өскен азаматтарға байланысты. Отбасы құндылықтары әрқашан елдің де, биліктің де назарында болуы тиіс. Отбасы құндылықтарының бірі – жанұядағы адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығы, махаббаты. Отбасының негізін, шындығында, махаббат сезімі құрайды. Бұл дегеніміз – отбасы мүшелерінің бір-біріне көңіл бөлуі, қамқорлық жасауы, қолдау көрсетуі және отбасы мүшесін қандай кемшілігімен болса да қабылдай білу. Махаббат бар жерде өзара үйлесімділік, эмоционалдық күшті байланыс, әрі бақытты отбасы болуға деген ұмтылыс болады. Жалпы құрақ көрпе – тек үйдің сәні ғана емес, сондай-ақ ұлттық мәдениетіміздің айшықты бір бөлігі, берекесі мол кәсіп. Бұл өнердің астарында халқымыздың «адамның басы құрал-сын» деген ізгі ырым-тілегі жатыр, – деді қолөнер шебері.

Ақсу ауылдық округінің Аналар кеңесінің төрайымы К.Тоқпанбетова құрақ көрпенің тек көнер ғана емес, сонымен бірге шығармашылықты, табандылықты және сабырлықты қажет ететін ерекше өнер екендігін түсіндірді. Жастар ұлттық өнерге деген қызығушылықтарын көрсетіп, бұл кәсіпті заманауи идеялармен байытылып, жалғаса беретініне сенім білдірді. Мұндай сабақтар жастардың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырып, қолөнерге деген қызығушылықты дамытуға үлкен үлесін қосады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Талап

Қоғам қауіпсіздігі басты назарда

Бейсенбіде терроризмге қарсы аудандық комиссия аппараты жанындағы жұмыс тобының отырысы өтті. Басқосуда Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінің Қармақшы аудандық бөлімшесінің қызметкері Бауыржан Раханов, аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов және бірқатар бөлім, мекеме басшылары қатысты.



Жиында «Экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимылдың мемлекеттік жүйесін дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары», «Кәмелетке толмағандар арасында, дене шынықтыру және спорт саласында экстремизм мен терроризмнің алдын алу жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған Жол карталарының» орындалуы туралы мәселелер қаралды.

Ең алдымен, аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жасулан Еспенбет хабарлама жасап, Жалағаш ауданы бойынша жалпы ахуал тұрақты екенін атап өтті.

– Қоғамда экстремизм және терроризм тәуекелдерін алдын алудың және теріс діни ағым идеологиясының таралуына жол бермеудің маңызы зор. Осы ретте, жүргізілген профилактикалық шаралардың нәтижесінде соңғы екі жылда аудан бойынша теріс діни ағым ұстанушылар тіркелмегенімен, интернеттегі қарсы насихат пен тәуекел топтар арасында профилактикалық шараларды арттыруымыз қажет, – деді Жасулан Еспенбет.

Сондай-ақ діни тұрақтылықты сақтау мақсатында алдағы уақытта да жүйелі түрде жұмыстар жүргізілетінін алға тартты.

Мұнан бөлек Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов тәуекел топтармен және жастармен жүргізілетін профилактикалық шаралар бойынша баяндаса, аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі басшысының міндетін атқарушы Бақытбек Нұрмаханов салауатты өмір салтын ұстанатын жастардың арасында деструктивті діни ағым идеологиясының таралуының алдын алу және оған жол бермеу бағытындағы жұмыстармен хабардар етті.

– «Дене шынықтыру мен спорт саласында терроризм мен экстремизмнің алдын алу жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған» жол картасын жүзеге асыру алгоритмдері бойынша аудандық қоғамдық даму бөлімінің теолог маманымен бірлесіп, аудандық және ауылдық округтердегі спорт ғимараттарының жаттықтырушы-оқытушы, спорт жөніндегі нұсқаушылар мен шұғылданушылары арасында көзден өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Профилактикалық жұмыстар кезінде діни экстремизм мен терроризм идеяларына бейім адамдар анықталған жоқ. Алдағы уақытта да түсіндірме жұмыстары тұрақты жүргізіліп отырады, – деді дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі басшысының міндетін атқарушы Бақытбек Нұрмаханов.

Сезім НҰР

Кеңес



Жұмысшы құқығы қорғалуы тиіс

Аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменовтің қатысуымен еңбек ұжымдарында туындауы мүмкін наразылықтардың алдын алу және мерзімінде тиісті шаралар қабылдау бағытында кездесу өтті.

Аталған жиынға мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Бектемір Жұмағұлов, «Қызылорда облысы кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігі төрағасының орынбасары Марат Баймбетов, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментінің бөлім басшысы Жолымбетов Төреәхмет, еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институтының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Асылбек Иманов, сонымен қатар мемлекеттік еңбек инспекторы Досхан Бектұрсынов және аудан прокуратурасының прокуроры Балнұр Нұрлыбекқызы, аудандық білім, ауыл шаруашылығы саласы кәсіподақ кеңесінің төрағалары, «AB-AGRO ORDA», «Агрохимсервис-С» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің, «Мейржан», «Бәйт» бебөкжай бақшасының меңгерушілері мен ұжымдары қатысты.

– Қазіргі таңда ұжымда еңбек даулары орын алса, ең алдымен азаматтар бұқаралық ақпарат құралдарына немесе сотқа жүгінеді. Алайда бұл дауларды өкімдік, кәсіподақ өкілдері және еңбек инспекторынан құралған үш жақты комиссияның жұмысын тиімді пайдаланып, сотқа жеткізбей бітімге келіп, шешуге болады. Сондықтан осындай жағдайларды болдырмау және алдын алу бағытында дер кезінде қажетті шаралар қабылданыуы тиіс, – деді Ғани Сүлейменов.

Сондай-ақ ол барлық ұжымда жеке еңбек шарттары мен ұжымдық шарт жасалып, зейнетақы жарналары мерзімінде толық аударылу қажет екенін жеткізді. Жиын барысында ауданымызға келген жұмысшы топ өкілдері хабарлама жасап, еңбек ұжымдарында шиеленіске жол бермеу бағытында жедел әрекет ету шараларын қабылдау жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Сонымен бірге, ұжымдық еңбек даулары әлеуметтік шиеленіске ұласқан жағдайда қоғамның саяси тұрақтылығына кері әсерін тигізетіні, еңбек дауына көбіне жұмысшылардың алып отырған еңбекақысына қанағаттанбауы, уақытылы төленбеуі және тиісті еңбек жағдайының жасалмауы себеп болатынын айтылды.

«ЖОЖ» ақпарат



Салық базасын ұлғайту – маңызды міндет

Аймақта бюджеттің тиімділігін арттыру аясында салық базасын ұлғайту мәселелері апта сайын қаралуда. Бюджетті тиімді басқару және сапалы жоспарлау – басты міндетіміз. Осы ретте апта басында аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен салық базасын ұлғайту бойынша мәжіліс отырысы өтті.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, бюджет қаражатын тиімді пайдалану қажеттігін атап өтті. Жиын барысында кент және тұрғын үй қоры мен кәсіпкерлік нысандарын бағалатып, тіркеуден дер кезінде өткізіп, салық түсімін дұрыс жоспарлауды тапсырды.

Сондай-ақ аудан бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының

басшысы Руслан Байғазиевке тиісті тапсырма беріп, кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін түсімдердің орындалуын қамтамасыз етіп, жоспарланған салық көлемінің толық төленуін бақылауды тапсырды.

Мәжіліс отырысында айтылған тапсырмалар мен маңызды міндеттердің уақытылы орындалуын бақылау сапа бойынша жауапты аудан әкімінің орынбасарларын жүктелді.

«ЖОЖ» ақпарат

Ұлы Жеңіске – 80 жыл



Жеңіс парадына қатысқан ардагер

Ол 1919 жылы қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Ол кезде сол заманның тілімен айтқанда, Қазан төңкерісінің шұғыласы әлемді дүр сілкіндірген кез болатын. Содан әкесі Тасыбай мен шешесі Бибіханша жаңадан ұйымдасқан «Қызыл орақ» деп аталатын колхозға алғашқы мүшелердің бірі болып кірді. Колхоз бұрынғы Тереңезек, қазіргі Сырдария ауданының орталығынан 2 шақырым қашықта орналасқан, онда сол тұста мектеп те болмады. Балалар аудан орталығындағы жетіжылдық мектепке жаяу қатынап оқитын.

I

«Ол күндердің қиындығы мен қызығы өз алдына бір тарих» дейтін Болтай аға.

— Содан не керек, 1933 жылы тұңғыш рет аудан орталығындағы жетіжылдық мектепті ең алғаш біз бітіріп шықтық. Бірге бітірген он бала Қызылорда қаласындағы Теміржол техникумының паровоз машинистін дайындайтын факультетіне оқуға түстік. Оқу оңайға соқпады. Техникум-шілік тәртіп қатал. Дәлелсіз сабақтан қалу, қоғам жұмысына араласпау, бұзақылық жасау деген мүлде жоқ. Оқытушылардың бәрі де тұсықан ұлттардың өкілдеріне, сабақ тек орыс тілінде ғана жүреді. Ал біз қазақ мектебін бітіріп барғанбыз. Орыс тілін түсінбей қиналып жүрдік. Қиындыққа шыдамағандар біртіндеп оқуды тастап, ауылдарына кетіп жатты. Төртінші курста қарасақ, әлгі он баладан екеу-ақ қалыпты. Бұл бір мақтаншы емес, шындық жағдай еді. Талай рет кетуге бел байлап, арызымды жазып, техникум директорына барғалы тұрғанымда, бір оқушы жолдасым кірізбей алып қалып жүрді. Сабақтан қиналсам, өзінің көмектесетінін айтатын, жылы сөйлесіп, ақыл беретін. Сөйтіп «өне кетемін, міне кетемін» деп жүргенімде әлгі баламен достастып кеттім. Бір партада отырамыз, бір белмеде жатамыз, бірге тамақ ішеміз, бірге сабаққа дайындаламыз, бірге оқуға барамыз. Әйтеуір егіз қозыдай айырылмай бірге жүретін болдық. Ол баланың аты жөні Константин Стрельников еді.

Студенттік өмірдің қиын да, қызықты да күндерін осылайша артта қалып жатты. 1937 жылы, яғни екінші бесжылдықтың соңғы жылында техникуммен қош айтыстық.

— Сол студенттік өміріңіздің қиындығынан есінде қалған қызықты күндерінен не айтар едіңіз? — деген сауал тастағанмын.

Болтай ағай тамағын көнеп алды да, асықпай еңгімесін жалғады.

— Біреуге қызық, енді біріне қызық болып көрінбей мүмкін. Десе де, мен үшін техникум қабырғасында жүргендегі басымнан өткен екі оқиғаны бөліп айтқым келеді.

Бірінші, 1934 жылы комсомол қатарына өткенім болса, екіншісі, Қызылорда қаласындағы оқу орнынан 1937 жылғы Мәскеу қаласында болған физкультуралық Бүкілодақтық парадына қатысқан бес студенттің бірі мен едім. Қызыл алаңда болған парадтан кейін Орта Азия елдері мен Қазақстаннан келген 800-ге тарта спортшыны Кремльде қабылдау болды. Қабылдауға М.И.Калинин мен К.Ворошилов қатысты, сол көрініс өлі көз алдымда, — деді Болтай аға жүзі жадрай түсіп.

Абзал ағаның өмір жолын тұтас шежіре деуге болады. Техникум бітіргеннен кейінгі басталған еңбек жолы қысқа ғана. Бір жарым жылдай паровоз машинисті болып жұмыс істеген ол 1939 жылғы Кеңес әскері қатарына шақырылған.

II

1995 жылдың мамыр айы, Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 50 жыл толған, осы жеңістің парадын көруге

Мәскеуде тұратын майдандас досы Болтай ағамызды шақырған болатын. Оның осы шақыруға келе жатқан беті. «Алматы-Мәскеу» жүйрік пойызы жүйіткіп келеді. Алыстан көрінген кең даланың етегі айналып келіп, әп-сәтте доңғалақ астында қалып жатады. Отарба үстіндегі ұзақ күнді демалыс қиялына қиял қосатындай, содан ба, әлде сағыныштың салдары ма, көз алдына Мәскеуде тұратын досы Константин Федорович келеді. Көп жыл бұрын екеуі бір вагонда, тұра осы жолмен батысқа қарай бет алып еді. Бірақ ол кездегі пойыз онша жүйіткі алмайтын. Вагондары да қазіргідей жанға жайлы емес еді. Бұл жолы сол кездің тілімен айтқанда, «Максим» деп аталатын қарапайым жайдақ вагондармен жүріп өткен болатын. Екі дос Белоруссия жеріне жеткен екі жаққа бөлінді. Сонан екеуі ұзақ жылдар бойы бір-бірімен кездесе алған жоқ.

Сондықтан бұл жолғы Мәскеу сапары, кешегі елін қорғауға қатысқан солдаттың сағыныш сапары десе де болады.

III

Сонымен Болтай Тасыбаевтың әскердегі өмір жолы сонау 1939 жылғы Белоруссия жерінде басталып, Берлинді жеңіспен алғанға дейін жалғасты.

— Мен 1939 жылы қараша айының аяғында Батыс Белоруссиядағы Гродно қаласында орналасқан №11 әскерилер қамтуындағы байланыс батальонының морзист-радисттер дайындайтын бөліміне жасқаталдым. Бұл курсты 1940 жылы мамыр айында ойдағыдай аяқтап, аға сержант деген шен алып, взвод командирінің жәрдемшісі болып әскери борышымды атқаруды онан әрі жалғастырдым.

1940 жылы маусым айында №11 әскери штабы қарауындағы әскери құрылымдарымен Литва республикасының шекарасынан өтіп, сол кездегі Литваның астанасы Каунас қаласына орналасты. Мен мұнда морзисттер көзекшілігін басқардым.

1941 жылы наурыз айында аға фельдшерлікке тағайындалдым. Қарамағында бронемашина, оның жүргізушісі және пулеметші болды. Міндетіміз — әскери штабтан құпия құжаттарды әскери бөлімшелерге апарып тапсырып, олардан сондай құжаттарды алып қайту. Неміс әскерлерінің 1941 жылы 22 маусымдағы өлімізге шабуылын Литва мен Германияның Пруссия шекарасында бірінші сағатында шайқаспен қарсы алдым.

Сөйтіп Ұлы Отан соғысы басталды. Жаудың күшімен сол кездегі Кеңес одағының Қарулы Күштері тең еместі. Қызыл әскерлер жауға соққы бере отырып, Кеңес жерінің оның көптеген ауылдары мен қалаларын тастап, шығысқа қарай жоспарлы түрде шегінумен болды.

Соғыстың он бесінші күні, Ресейдің батысындағы Новгород, Старая Русса, Холм, Великие Луки қалаларының маңында қорғаныс шебін жасап, неміс-фашист әскерлерінің алға жылжуын тоқтаттық. Осы қалаларда өтетін Ловать өзенінің Батыс жағалауында жау әскерлері қорғанысқа көшті. Бұл «Солтүстік-Батыс» майданы деп аталды.

1942 жылдың күзінде II Армия Брянск майданына, 1943 жылы бірінші Белорусия майданына, сол жылы қазанда бірінші Украина майданына ауыстырылды. Бұл майдандардың әскери құрамында жүріп мен Ресейдің көп облыстары, Белоруссия, Украинаны жаудан азат ету шайқастарына қатыстым. Бірсыпыра Европа елдерін, дәлірек айтқанда Польша, Чехословакия, Австрия жерлерінен фашистерді қуып шығып, олардың халықтарын басқыншылардан азат еттік.

1945 жылы неміс фашистерін өз жатағында талқандап, сөзсіз тізе бүктіру жорығына қатысып, соғысты Бреслауды қоршаумен аяқтадық. Қазір ол қала Бростслав деп аталады және Польшаға берілген, — деп аяқтады еңгімесін Бөкен.

Ағамыз қан майданның қақ ортасында жүріп, 1942 жылы партия қатарына өткен. Елімізді фашист басқыншыларынан азат етудегі ерліктері үшін бірінші, екінші дәрежелі Отан соғысының ордендерімен екі рет «Қызыл Жұлдыз» орденімен және басқа да түрлі сөзгі медальмен наградалған.

Естен кетпес тағы бір оқиға бар, Болтай Тасыбаев ағамыз 1945 жылы Мәскеу қаласында өткен Жеңіс парадына қатысты. Екінші бірінші маңдайына жазбаған дүниежүзілік даңқты жеңістің даңқты парадның сапында болғанын ағамыз көзі тірісінде үнемі айтып отыратын және оны үлкен мақтаншы санайтын. Халқының бақыты үшін бар күш-жігерін аямай жұмсаған абзал ағаның Отан қорғауда жүріп өткен жолы жастарға үлгі-өнеге болары анық.

IV

Оның Ұлы Отан соғысынан кейінгі бейбіт өмірдегі өмір жолы 1945 жылдың қараша айынан басталды. Алпысыншы жылдарға дейін партия, Кеңес қызметтерінде болған, аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына дейін көтеріліп, ел басқару дәрехесіне жеткен ағамыз маңдайына ширек гасырдан астам өмірінің бәрін сақ жамысшыларды даярлауға, бір сөзбен айтқанда, жастар тәрбиесіне арнаған, яғни 1960 жылы аудандық партия комитеті Болтай Тасыбаевты аудан орталығынан жаңадан ашылған селолық кәсіптік-техникалық училищенің директоры етіп жіберді. Ондағы мақсат — жаңадан ашылған оқу орнын нығайту.

— Училищенің бастапқы құрылған кезі. Қаңқиған бір-екі жатақханадан басқа ештеңе болмайтын. Жетіспейтін заттың атын айтып таусудың өзі кінә. Оның үстіне оқытушы, маман кадрлардың да тапшы кезі, жауапкершілік мойнына түскен соң қол қусырып, жоғарыдан көмек сұрап отыруға уақыт көнбейді. Неде болса тіршілік қамына кірісу керек болды. Жымға алдағы міндеттердің ауқымдылығын таныстыра отырып, қызу еске кірісіп кеттік, — дейді ағамыз.

Еткен еңбек еш кеткен жоқ. Соның нәтижесінде 2-3 жылдың ішінде ұжымның және оқушылардың қатысуымен екі жүз орындық клуб, асхана, кеңсе, шеберхана, лаборатория үйлерін салынып, іске қосылған. Өндірістік-техникалық база нығайтылған. Оқудың кабинеттік

жүйесі толықтай іске асырылған, кішкене училище комплексі бой көтеріп, айналасы тегістеліп, ағаш егіліп, кенттің көрікті бір орнына айнала бастаған. Қазіргі аудан орталығындағы зәулім ағаштардың орны ол кезде шаңы желді күні аспанға ұшып жататын көбір еді. Аяласпа, жер ананы түлетуге де, түрлендіруге болады ғой.

— «Елу жылда ел жаңа» дейді халқымыз. Иә, елу жылда елде жаңарады екен жер де жаңарады екен. Оған жаз кезінде таңырайтын едік. Соны міне, өз басымыздан өткізіп, өз көзімізбен көріп отырмыз.

Ұлы Отан соғысының ардагері Болтай Тасыбаев ағамыз осы еңгіме етіп отырған училищенің негізін қалап, оны облыстағы іргелі орындарының біріне айналдыру жолында қажырлы еңбек етті. Он жеті жылдан астам уақыт директорлық қызметті атқарып, 1977 жылы республикалық дәрежедегі құрметті еңбек демалысына шықты. Оның училищеге жетекшілік жасаған уақытында механизатор кадрларын дайындаудың жоспары үнемі орындалып отырды. Қазіргі кезде аудан шаруашылықтарындағы кадрлар осы училищенің түлектері болатын.

Жалпы кезінде шаруашылықтарды механизатор кадрлармен қамтамасыз етуге училище ұжымы үлкен үлес қосты. Бұндай игілікті жұмыс елеусіз қалған жоқ. Сол жылдары Б.Тасыбаев ағамыздың «Құрмет белгісі» ордені тағылды. Талай рет жоғарғы органдардың «Құрмет» грамоталары және сыйлықтарымен наградалды.

«Құрметті еңбек демалысына шықты» деп ұстаз қол қусырып қарап отырған жоқ. Өзі жетекшілік еткен ұжымда еңбек демалысына шыққаннан кейін де үзбестен он үш жыл бойы, яғни 1991 жылға дейін ұстаздық қызмет атқарды. Алдынан түлеп ұшып, халық шаруашылығының сан алуан салаларында еңбек етіп жүрген жастарды ол өз өмірінің жалғасы деп түсінді. Шындығында солай.

Ағамыздың көзі тірісінде даталы мейрам күндері атына келіп жатқан құттықтау телеграммалар мен хаттарда есеп болмайтын. Солардың барлығын арнайы альбом жасады, ондай альбомдардың саны бесуеге жетіпті. Бұл өзінше ұстаздың жастарға деген ыстық ықыласын берген тәрбиесінің нәтижесін қолмен ұстағанды көріп отыратын шағын шежіре іспеттес.

Ол «Қазақ воиновствующий народ» деп жылылық сезім білдіріп, жауырымнан қаққан еді. Мінекей, даңқты Маршалдың алақан жылуын ұзақ жылдар бойы арқалап келеміз» деп мақтаншы сезімін білдірген.

Иә, осы кісілердің ерлігімен келген Ұлы Жеңіске был 80 жыл толып отыр. Өзі ортамызда болмаса да Болтай ағамыздың өмір жолынан алар үлгіміз, тағылым тұтар тұстарымыз өлшеусіз екенін айтудың өзі артық. Оның әрбір кездескен жыйындарда, той-думандарда тілек айтып, еліне амандық тілеп, жас ұрпаққа өсиет-өнеге айтуды парызым деп санауының өзі ардагер ағаның абыройын одан әрі көтере түсуде. Осындай дуалы ауызды ардагер ағаларымыздың есімі ел жадында жаңғыра бермек.

Шыңғис АЙБӨСІНОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық, республикалық, қалалық және аудандық газеттерде кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын газет бетінде орналастыру бойынша 2025 жылға өз қызмет құнын ұсынады

Облыстық «Сыр бойы» газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 23445 дана.
Облыстық «Кызылординские вести» газеті 1930 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 6103 дана.
Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны облыстық «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде ҚҚС қоса есептегенде:

- бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 500 теңге;
- ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге;
- ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.

Республикалық «Ақмешіт жастары» газеті аптасына 1 рет шығады: бейсенбі күні. **Таралымы - 6829 дана.**
Бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:

- бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге;
- ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;
- ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

Қалалық және аудандық газеттер бойынша: Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы», Арал аудандық «Толқын», Қармақшы аудандық «Қармақшы таңы», Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы», Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы», Шиелі аудандық «Өскен өңір», Жаңақорған аудандық «Жаңақорған тынысы» газеттерінің шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері.

Газеттердің таралымы – 2792 - 6081 дана аралығы.
Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны қалалық және аудандық газеттеріне ҚҚС қоса есептегенде:

- бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге;
- ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;
- ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

Қазалы аудандық «Қазалы» газеті аптасына 2 рет шығады: сейсенбі, сенбі. **Таралымы – 5115 дана.**
Бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде – 140 теңге.

Облыстық «Сыр бойы», «Кызылординские вести» газеттерінің ақпараттық агенттіктеріне (сайт) үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта).

Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
TikTok: Video – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

«Kyzylorda-news.kz» ақпараттық агенттігіне үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта).

Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
TikTok: Video – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Республикалық «Ақмешіт жастары», Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы», Арал аудандық «Толқын», Қазалы аудандық «Қазалы», Қармақшы аудандық «Қармақшы таңы», Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы», Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы», Шиелі аудандық «Өскен өңір», Жаңақорған аудандық «Жаңақорған тынысы» газеттерінің ақпараттық агенттіктеріне (сайт) үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 16800 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 10000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 8000 теңге (1 апта).

TikTok: Video – 10000 теңге
Stories – 8000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынаған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мереке күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күн бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: smjanama@mail.ru
Ескерту: аудандық сайлау комиссиялары өз ауданының газет редакцияларына хабарласады.



Райхан Әзбергенова

Білім саласының ардагері Әзбергенова Райхан Қадірханқызы 67 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.

Ол 1958 жылы 1 шілдеде Тасбөгет кентінде дүниеге келген. 1981 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтын француз тілі пәні мұғалімі мамандығы бойынша, 2004 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің мейенджер мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын Жаңадария ауылындағы №203 орта мектепте пән мұғалімі болып бастады. 1982-1985 жылдары Ақсу ауылындағы №116 орта мектепте мұғалім, 1985-1990 жылдары аудандық оқушылар үйінің директоры, 1990-1996 жылдары Жалағаш аудандық білім бөлімінде әдіскер, Әдістемелік кабинет меңгерушісі болды. 1996-1998 жылдары аудан орталығындағы №246 орта мектеп директоры, 1998-2003 жылдары аудандық білім бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. 2003-2005 жылдары Қызылорда қаласы әкімі аппаратының әлеуметтік сарқис мәселелер және сыртқы байланыстар бөлімінің басшысы, қалалық білім бөлімі басшысының орынбасары, Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы қызметтерінде болды.

2005-2013 жылдары аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы, аудандық білім бөлімінің басшысы, аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру-бақылау және кадр бөлімінің меңгерушісі, аудан әкімі аппаратының басшысы, 2013 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы қызметінде болды. Қандай қызметте болса да абыроймен атқарды.

Райхан Қадірханқызының дүниеден өтуіне байланысты ағайын-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Марқұмын жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы жолдас болсын.

А.Ибраимов, Е.Елеусінов, С.Алиев, А.Нұрмағанбетов, Ә.Байнахатов, Ф.Сүлейменов, Ж.Дүйсекев, Т.Садықов, Г.Құрманбаев

Тиянақты дайындық – мол өнім кепілі

Рекорд орнатты

Иә, Жалағаш ауданының диқандары былтыр рекордтық өнім жинап, аймақта «Үздік аудан» номинациясын жеңіп алды. Жалпы аграрлық ауданда 37 218 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілсе, оның 19 800 гектары – күріш. Сыр салысының әр гектарынан 60,5 центнерден өнім алып, қамбаға 1 197 900 центнер өнім жиналған еді.

Сондай-ақ бидай, арпа, сұлы, қант құмайы, мақсары, картоп, көкөніс, бақша дақылдары мол өнім берген. Тарқатып айтсақ, 129 гектар күздік бидайдың әр гектарынан 13, 770 гектар жаздық бидайдың әр гектарынан 9, центнерден, 665 гектар мақсарының әр гектарынан 8,7, 200 гектар қант құмайының әр гектарынан 41, 40 гектар арпаның әр гектарынан 2,2 центнерден өнім жиды. Мұнан бөлек 64 центнер сұлы, 33 276 центнер картоп, 195 центнер көкөніс, 299 650 центнер бақша дақылдары жиналды. 4 850 гектар жаңа жоңышқаның гектарынан 12,5 центнерден өнім алынды. Сондай-ақ 8091 гектар ескі жоңышқаның 191 гектары тұқымға алынып, 7900 гектар жоңышқа 65 центнерден өнім берді.

500 мың тонна астық жиналды

Мемлекеттік қолдаудың арқасында өткен жылдың қорытындысымен ауыл шаруашылығы бойынша аймақта өсім көрсеткіші 2,3 пайызға, ауыл шаруашылығының негізгі қорына салынған инвестиция көлемі 32 пайызға артқан. Ал тамақ өнімдерін өндірудегі негізгі капиталға салынған инвестиция 22,2 пайызға өскен.

Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мәліметінше, былтыр 189,4 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Негізгі дақыл күріштің көлемі 85,6 мың гектарды құрады. Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың арқасында диқан қауымына су қажетті деңгейде жеткізілген. Сондай-ақ шаруашылықтар егін жинау жұмыстарына қажетті ауыл шаруашылығы техникасы, жанармай және минералды тыңайтқыштармен толық қамтылған. Нәтижесінде 500 мың тоннаға жуық астық жиналып, күріштің әр гектарынан 58 центнерден өнім алынды.

Быыл аймақта 190 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру жоспарланған. Ауыл шаруашылығы құрылымдары биылғы егісі үшін өткен жылдың күз айларында 4,3 мың гектар күздік бидай егуді және 50,4 мың гектар сүдгер айдауды қамтамасыз еткен. Қазіргі таңда тұқым қуя және оны тазалау, минералды тыңайтқыштар мен гербицидтерді сатып алу, ауыл шаруашылығы техникаларын дайындау жұмыстары жүргізілуде.

Мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде аймақта төрт түлік саны өсіп, өнім өндіру тұрақты ұлғаюда. Атап айтқанда, 2025 жылы 365,1 мың, 657 мың уақ мал, 257,9 мың жылқы, 60,7 мың түйе және 124,3 мың құрлық етін өсірген. Өткен жылдың қорытындысымен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларының есу индексі 99,6 пайызға құрап, Сыр өңірі республика бойынша баға индексі төмен 4 өңірдің қатарына енді.

Тұқыммен 100 пайыз қамтамасыз етілген

Быыл облыста 190 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егіледі. Бұйырса, аймақ шаруалары көктемгі егіске үлкен әзірлікпен келмек. Өйткені бұл жұмыстар аймақ басшысының тікелей бақылауында. Сондықтан диқандар алаңдауға негіз жоқ.

Үкіметтің Жол картасына сәйкес биыл күріш егісі 80 900 гектар болып бөкілген. Қосымша 5 мың гектар күрішті қашыртық сумен, жерді лазерлік тегістеу арқылы үнемделген сумен суару көзделуде. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы құрылымдары тұқыммен және тыңайтқышпен 100 пайыз қамтылған. Қажетті 64 600 тонна тыңайтқыштың 11 300 тоннасы – отандық өнім.

Шаруашылықтар есебіндегі 4046 техниканың 82,2 пайызы жөндеуден өткен. Қалғаны наурызға дейін 100 пайыз дайын болады. Энергетика министрлігі 10 мың тонна дизель отынын да бекіткен. Бүгінде жеткізуші операторлар айқындалып, ақпан айына бөлінген дизель отынына төлем жүргізілуде. Алайда жоспарланған егіс көлемі Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясы отырысынан кейін қайта нақтыланбақ.

Техника алуға 200 млрд теңге бөлінеді

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес егін шаруашылығын қаржыландыру көлемін ұлғайту шаралары қолға алынған. Былтыр осы мақсатқа



алғаш рет 5 пайыз мөлшерлеменен 580 млрд теңге бөлінді. Қаржы шаруаларға субсидиясыз тікелей берілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда үш есе көп.

Быыл аталған бағыттағы қаржыландыру көлемін 900 млрд теңгеге дейін ұлғайту көзделген. Оның ішінде жеңілдетілген лизинг арқылы ауыл шаруашылығы техникасын алуға 200 млрд теңге бөлінеді. Төмен пайызбен берілетін несиені тиімді пайдаланып, сыйбалас жемқорлық тәуекелдерін азайту үшін мемлекеттік қолдау тетіктеріне өзгеріс енгізілді.

Суды аз қажет ететін дақылдар 597 гектарға артты

Мемлекет басшысының су үнемдеу туралы тапсырмасына сәйкес аймақта су көп қажет ететін дақылдар көлемі оңтайландырылып, үнемдеу технологиясы енгізілген. Жалпы жаңа технологияларды пайдалану көлемі 4 400 гектарға жеткен. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 5 есе артық. Бүгінде Шиелі, Қазалы, Арал аудандарында су үнемдеу технологияларын қолдану арқылы 3 ірі жоба іске асуда. Сондай-ақ агроөнеркәсіп кешенін цифрландыру аясында субсидиялау процестері «Гор-Агро» порталы арқылы онлайн жүргізілуде. Жер учаскелерін сату, жалға беру веб-портал арқылы электронды түрде өтеді.

Осы орайда Жалағашта аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес суды аз қажет ететін дақылдарды көбейтуге басымдық берілді. Осы бағытта былтырғы жылы егіс алқабы 597 гектарға артты. Осы жетістіктердің нәтижесінде ауданымыздың бірқатар шаруашылықтары мен қызметкерлері озат атанып, арнайы жүлделермен марапатталды.

Сондай-ақ өткен жылы ауданда әр отбасы өзін-өзі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдермен қамтамасыз ету үшін шаруашылық құрылымдарымен 500 гектар жер дайындалып, 188 гектар жерге картоп, 191 гектар жерге бақша, 121 гектар жерге көкөніс дақылдарын егіп, ысыралсыз жинап алынды.

36 780 гектарға егін егіледі

Жалпы аудан бойынша биыл 36780 гектарға егін егу жоспарланған. Бүгінде көктемгі дала жұмыстарын оңтайлы мерзімде жүргізуді қамтамасыз ету үшін шаруашылықтармен қолда бар техникаларды толық дайындау жұмыстары жүруде.

Иә, аудан шаруашылықтары техника паркін жаңарту жұмыстарын үнемі жүргізіп келеді. Былтыр 17 млрд 886 млн теңгеге 27 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды. Ал өткен күзгі дала жұмыстарына 1027 ауыл шаруашылығы техникасы қатысқан. Оның ішінде 431 трактор, 249 комбайн, 124 жатқа, 58 жүк көлігі, 165 трактор тіркелгені бар.

Сонымен қатар барлық су нысанын толық дайындыққа келтіруді, су жолдарын тазалау, оның ішінде егіске қажетті тұқымдар, минералдық тыңайтқыштар, гербицидтер және дизель отынымен дер кезінде қамтамасыз ету де басты назарда.

Егінді әртараптандыруды қолға алған

Жасыратыны жоқ, өткен айда картоп бағасы күрт көтеріліп, елді әбегерге салды. Сондықтан аудан диқандары күріш көлемін азайтып, көкөніс және бақша өнімдеріне басымдық беруге ниетті.

Иә, жалағаштық диқандар егін шаруашылығын әртараптандыру мақсатында бақша дақылдарын егуді қолға алғанына 2-3 жылдай болды. Солардың бірі – «Ер-Әлі» шаруа қожалығы. Шаруашылық күріштен бөлек жыл сайын ірі көлемде картоп егеді. Өнімі де жаман емес. Шаруашылық төрағасы Әліби Бекжановтың мақсаты – жиналған өнімді сырт өңірлерге қымбат бағаммен сатып, пайдаға көңелу емес, аудан халқын картоппен қамтамасыз етіп, бағаны тұрақтандыру.

Еңбек адамының айтуынша, қырыққабатыр бәздік жерге шығу қиындау. Ал картоп-сәбізді егуге болады. Әрине, көкіністі бос, тың жерге егу керек. Ол үшін шаруашылық 5 шақырым жерге электр энергиясын тартып, насос апарып қойған. Осылайша тамшылатып суару әдісімен картоп, сәбіз егуді қолға алған. Жоңышқа, сапперге қарағанда картоп, сәбіз жақсы шығады. Тұқымдық картопты, егетін техниканы да әкеліп қойған. Бағяғы қолдап егіп, қолдап жинау, яғни ескі әнді енді келмеске кеткен. Қазір бәрі арнайы техниканы, жаңа технологияны қажет етеді.

Осы орайда шаруа адамы аудан орталығында шағын жәрмеңке ұйымдастырып, картоп өнімін аудан тұрғындары үшін арзандатылған бағада сатып тұрады.

Жалағашта жаңа технология

Айта кетейік, былтыр егінді сумен қамтамасыз ету үшін ауданда қажетті су көлемі 820 млн текше метрді құрады. Оның ішінде егінге 664 млн текше метр, экологиялық қажеттілікке 156 млн текше метр қажет болды. Вегетациялық кезеңде қажетті су көлемі ауыл шаруашылығы құрылымдарына уақытылы жеткізілді. Алайда аудандағы бірқатар шаруа қожалықтың «Жалағаш шаруа» өндірістік учаскесіне су жеткізіп беру құпияметіне қаршы 305,9 млн теңгені құрап, төленуге тиісті қаржының 42,8 пайызы өтелмеген. Жергілікті биліктің айтуынша, бұған қатысты бүгінде тиісті жұмыстар атқарылууда.

Қуантарлығы, аудан шаруалары су үнемдеу технологияларын меңгеріп, егін егуде тиімді пайдалануда. Мәселен, жалағаштық жаңашыл «Ер-Әлі» шаруа қожалығы «Rubicon» құрылымының тәжірибесі ретінде осыдан екі-үш жыл бұрын қолданысқа енгізген. Яғни алқап басына облыстағы бірінші автоматтандырылған тоспа қойылып, ысыралтан арылған. Жаңа құрылым әр литр сайын өтетін судың мөлшерін есептеп, автономды түрде күн сәулесінен қуат алатын батареялармен жұмыс істейді. Сол арқылы шаруа қожалық алғашқы жылдары 19-20 мың текше метр су үнемдеген. Осындай жаңа технологиялардың нәтижесінде шаруашылық биыл 101 центнерден рекордтық өнім алған.

Күріштіктен шыққан суды көдеге жаратқан

Сондай-ақ «Ер-Әлі» шаруа қожалығы шалғайдағы Аққырды өндіріске қосып, ауыл халқына жұмыс берді. Нақтырақ айтсақ, былтыр елді мекен шаруалары 123 гектар жерді өңдеп, 8 шақырым аумаққа электр тартып, күріш еккен болатын. Суды үнемдеудің тың тәсілі ретінде Мақпалкөл ауылындағы күріштіктен шыққан суды көдеге жаратқан.

Сонымен қатар су шығынын азайтуда егістік жерді лазерлік тегістеудің маңызы зор. Сондықтан диқандардың лазерлік жер тегістеу әдісін пайдаланып, су үнемдеуді қолға алуына тура келген. Қазір дәл себердің алдында лазерлік жер тегістеу тәсілі міндетті түрде қолданылады. Сондай-ақ күріш дәнін топыраққа дискілер енгізу арқылы егіледі. Бұл әдіс жерді тегістеуге, суды үнемдеуге, мол әрі сапалы өнім алуға мүмкіндік береді. Тыңайтқыш пен тұқымды үнемдеп егуге де үлкен септігін тигізеді. Осындай жаңа технологиялардың нәтижесінде шаруашылық биыл рекордтық өнім алған.

Тамшылатып суару – тиімді тәсіл

Тамшылатып суару және жаңбырлату әдістерін қолданғанда өнімділік 30 пайызға жоғары болады. Осы орайда елде су үнемдеу технологияларымен суарушы жерлерді кеңейту жұмысы қолға алынған. Быыл мұндай жер көлемі 462 мың гектарды құраса, 2026 жылға қарай 762,2 мың гектарға жеткізілмек. Осы мақсатта Үкімет қажетті мемлекеттік және қаржылық қолдау көрсетуде. Ерекше тоқталатын жайт, аудандағы Темірбек Жүргенов ауылының диқандары 2 жылдан бері тамшылатып суару әдісі арқылы картоп және сәбіз егіп, мол өнімге көңелген.

– Алғашында тәжірибе ретінде тамшылатып суару әдісімен 5 гектар сәбіз, 1 гектар қызылша және 24 гектар картоп өсірдік. Өнімді күзде жинаймыз, ал қазан айында қызылша толық піседі. Өйткені бұл тамыр дақылдарына шамамен 220 күн өседі. Жалпы бұрынғыдай жерге тұқымды шашып, суды жібере салатын заман кетті. Сондықтан шаруалар әрдайым ізденіс үстінде болуы керек. Бүгінде ертүрлі заманауи техникалар шығуда. Соларды зерттеп, практикалық тұрғыда пайдалану біз үшін маңызды. Сонда ғана өнім мол болмақ, – дейді еңбек адамы Әліби Бекжанов.

Түйін. Мемлекет басшысы Жолдауда шаруалар тек мол өнім алу керек деген ұранға бұл алдырмай, аяқсуды барынша үнемдеу жұмысын да жүйелі ұйымдастыру керекін атап өткен болатын. «Бұл – ең алдымен ауыл шаруашылығына қатысты мәселе, әсіресе ауыл шаруашылығында кеңінен қолдану қажет» деді. Осы ретте Үкіметтің кезекті отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов қызылордалықтардың осы мақсаттағы тәжірибесін басқа өңірлерге үлгі етті. Иә, біздің өлеулі еңбекті көзқарайты оқырманға жеткізіп, басқа да шаруашылықтарға үлгі ету. Бастысы, маңдай терің маржан дәне айналсын, диқан!

Алаңдауға негіз жоқ



Қазіргі таңда «Шардара» су қоймасынан Сырдария өзенінің төменгі ағысына секундына 650 текше метр су жіберілсе, оның 150 текше метрін «Көксарай» су реттегіші алады. Облыс аумағына секундына 469 текше метр су келіп тұсады (12.02.2024 жылы секундына 242 текше метр).

«2024-2025 жылдардағы қысқы-көктемгі кезеңде Сырдария өзенінен үлкен көлемдегі суды қауіпсіз өткізу жоспары» бекітілді. Су деңгейін төмендету үшін магистральды каналдар мен көлдердің су алу кестесі әзірленді. Мұздан тазарған соң секундына 1 000 текше метрге дейін су қабылдауға болады.

Су басу қаупі бар 29 аймаққа арнайы техника, күш-құралдары жеткілікті 135 жауапты мекеме бекітілді. Оларда 410 арнайы техника және 1 234 адам күші бар. Су тасқынына қарсы қолданылатын 129,7 тонна жанармай, 95 110 дана қап және басқа да материалдар қоры толық жасақталған. 61 эвакуациялық жинақтау және 71 қабылдау пункті бар. Облыс аумағында су шаруашылығының жағдайы тұрақты бақылауда, қауіп жоқ.

Айта кету керек, тиісті сала мамандары («Қазгидромет» және «Қазсушар» РМҚ Қызылорда филиалдары) Сырдария өзені арнасындағы 10 бекет мен 4 тораптағы су деңгейіне күнделікті мониторинг жүргізеді. Жергілікті атқарушы органдар мен су шаруашылығы мамандары тәулік бойы кезекшілікте.

Арнайы мамандандырылған мекеменен мұз жару бойынша да келісім-шарт жасалды. Өткен жылы 3 нысандағы қорғаныс бөгеттерін жөндеу-қалпына келтіруге облыстық бюджеттен қаржы бөлінді, бюджеттен тыс көздер есебінен 20 нысанда да осындай жұмыстар атқарылды.

Облыс аумағында 37 гидротехникалық құрылыс бар, коммуналдық меңшектік 3 су қоймасына тексеру жүргізіліп, қауіпсіздік декларациясы рәсімделді. Биылғы күрделі жөндеу жұмыстарына қаржы қарастырылуда.

30 техника дайын

Аудандағы ахуал аудан Әкімі Ардақ Ибраимовтың жіті бақылауында. Өңір басшысы жауапты сала басшыларымен бірге Сырдария өзенінің Жалағаш ауданы аумағында Тұрымбет, Қараирім және Шөмен қайыры учаскелеріне дейін мониторинг жұмыстарын жүргізді. Жалағаш ауданы территориясынан Сырдария өзенінің 84,5 шақырым өтеді. Оның бойында барлығы 96,5 шақырым қорғаныс бөгеттері орналасқан. Сонымен қатар Қараөзек арнасының 48 шақырымы өтіп, онда 8,3 шақырым қорғаныс бөгеттері бар.

Бүгінде өзен бойында кезекшілік кестесі бекітіліп, бірінші кезекте жұмылдырылатын 12 шаруа қожалықтарының 30 техникалары нақтыланған. М.Шөменов ауылы маңындағы Сырдария өзенінің оң жағалауындағы «Самит арна – Шөмен қайыры» учаскесі аралығы 3855 метр жерге күшейту-нығайту жұмыстары облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы арқылы 32 млн 455 мың 422 теңгеге «RS Жолсерік» ЖШС-мен атқарылған. Жалпы, қазіргі таңда «Шардара» су қоймасынан 450, Қызылорда платинасынан 310, Қараөзек арнасына 15 және Өйтек су торабына 290 текше метр су келуде. Су көлемін өлшегіш рейка 105 см, абсолюттік көрсеткіш 112,11 см-ді көрсетуде.

Жұмысшы топ құрылды

Сонымен қатар «Аманат» партиясы аудандық филиалы жанынан құрылған Сырдария өзеніндегі су тасқынының алдын алу бойынша зерделеу жұмыстарын жүргізетін жұмысшы топ құрамы тиісті сала мамандарымен бірлесіп отырып, Сырдария өзенінің аудандағы жағалауындағы ахуалдың жай-күйімен танысты.

Зерделеу барысында көктемгі мұз жүру кезінде су тасқынының алдын алу бойынша атқарылатын жұмыстар талқыланып, тиісті сала мамандарына жағдайы жіті бақылауды ұсынды. Сондай-ақ адам қауіпсіздігі бірінші кезекте болғандықтан бұл бағыттағы жұмыстар басты назарда болады.

Еске салсақ, 12 өңірді әбегерге салған су тасқыны кезінде 120 мыңнан астам азамат құтқарылып, эвакуацияланды. Оның 45 мыңы – бала. Мемлекет тарапынан оларға барлық қажетті көмек көрсетіліп, баспанасыз қалғандар үшін эвакуациялық пункттер ұйымдастырылды. Сондай-ақ шамамен 10 млрд теңге көлемінде 150 АЕК есебінде 21 880 отбасына келтірілген материалдық залал өтелді.

Ж.МАХМҰТҰЛЫ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор

Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы

Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы,

бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар оңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспанасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісес 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №263